Мұнда  $H_m$  – сорапты түсіру тереңдігі, м;  $p_y$  – ұңғы сағасындағы қысым, Па.

$p_{см}$  (1)-тен шығарып (3)-ге қойғанда, мынаны аламыз



Сурет 14 штангілі сорапты ұңғының қалыпты жұмыс динамограммасы

$$p_{BH} = \rho_{ш} g H_H \left(1 - \frac{P_{HMT}}{P_{ш}}\right) + p_y \quad (4)$$

(4)-ті (2)-ге қойғанда, мынаны аламыз

$$p_{пн} = \rho_{ш} g H_H \left(1 - \frac{P_{HMT}}{P_{ш}}\right) + p_y - \frac{P_{BMT} - P_{HMT}}{F_{пл}} \quad (5)$$

Міне осылай (5) формуласын тік ұңғыда жұмыс жасап тұрған сорап қабылдағышындағы қысымды есептеу үшін қолдануға.

Ұңғының штангалы сорабы қисық бағытталған ұңғыдағы (тік бағыттан  $0 \leq \alpha \leq 22^\circ$  градусқа ауытқығанда) жұмысы кезінде НМТ-да күш сызығы мынаған сәйкес болады:

$$P_{HMT} = P_{ш} \left(1 - \frac{\rho_{сш}}{\rho_{ш}}\right) (1 - 0,0165\alpha), \quad (6)$$

Мұнда  $\alpha$  – ұңғының тік бағыттан ауытқу бұрышы, градус.

Сорап шығарғышындағы қысым:

$$p_{пн} = \rho_{ш} g H_H \cos \alpha + p_y - \frac{P_{BMT}}{F_{пл}} + \frac{P_{HMT}}{(1-0,0165\alpha) F_{пл}} \left(\frac{1}{F_{пл}} - \frac{\rho_{ш} g H_H}{P_{ш}}\right). \quad (7)$$

**Мысал есебі.** Тік ұңғы  $H_H=1200$  м тереңдікке түсірілген штангалы сорап қондырғысымен пайдаланылады. Сорап плунжерінің диаметрі  $D_{пл} = 43$  мм. Ұңғы сағасындағы қысым  $p_y = 0,42$  МПа. Динамограмманы айырып оқудан алынады:  $P_{HMT} = 26777$  Н,  $P_{BMT} = 35667$  Н. ауадағы сорап салмағының күші  $P_{ш} = 29430$  Н,  $\rho_{ш} = 7800$  кг/м<sup>3</sup>. шығарғыш пен қабылдағыштағы қысымдарды анықтау.

(4) бойынша сорап шығарғышындағы қысымды есептейміз:

$$p_{BH} = 7800 \cdot 9,81 \cdot 1200 \left(1 - \frac{26777}{29430}\right) 10^{-6} + 0,42 = 8,277 + 0,42 = 8,7 \text{ МПа.}$$

(5) бойынша қабылдағыштағы қысымды есептейміз:

$$p_{пн} = 8,7 - \frac{35667 - 26777}{14,51 \cdot 10^{-4}} = 8,7 - 612,68 \cdot 10^4 = 2,57 \text{ МПа.}$$

Осылайша, ұңғының штангалы сорабының қабылдағышындағы қысым 2,57 МПа тең.

**Мысал есебі** Тік сызықтан ауытқу бұрышы  $\alpha = 15,5^\circ$  тең қисық бағытталған ұңғыға диаметрі  $D_{пл} = 32$  мм штангалы сорап  $H_H = 828$  м тереңдікке түсірілген. Сораптардың

бағанасының салмағы 2105 кг. Сағадағы қысым  $p_y = 1,2$  МПа. Динаморамма бойынша  $P_{\text{HMT}}=13800$  Н,  $P_{\text{BMT}} = 22100$  Н. Сорапты шығарғыш пен қабылдағыштағы қысымды анықтау. Ауадағы ұңғылардың бағанасының салмағының күшін есептеу:

$$P_{\text{ш}}=2105 \cdot 9,81 = 20650 \text{ Н.}$$

(6) бойынша шығарғыштағы қысымды есептейміз:

$$p_{\text{вн}} = 7800 \cdot 9,81 \cdot 828 \cos 15,5 \left[ 1 - \frac{13800}{20650(1-0,0165 \cdot 15,5)} \right] 10^{-6} + 1,2 = 6,23 + 1,2 = 7,43 \text{ МПа.}$$

(7) бойынша қабылдағыштағы қысым:

$$p_{\text{пн}} = 7800 \cdot 9,81 \cdot 828 \cos 15,5 + 1,2 - \frac{22100}{8,04 \cdot 10^{-4}} + \frac{13800}{1-0,0165 \cdot 15,5} \left( \frac{1}{8,04 \cdot 10^{-4}} - \frac{7800 \cdot 9,81 \cdot 828 \cos 15,5}{20650} \right) = 61,05 \cdot 10^6 + 1,2 \cdot 10^6 - 27,487 \cdot 10^6 - 31,758 \cdot 10^6 = 62,25 \cdot 10^6 - 59,245 \cdot 10^6 = 3,005 \cdot 10^6 \cong 3 \text{ МПа.}$$

Осылайша, шығарғыш пен қабылдағыштағы қысымдар сәйкесінше 7,43 және 3 МПа тең.

## 9 Батырылатын ортадан тепкіш электрсораптарымен пайдаланылатын ұңғыларды зерттеу

Атырылатын ортадан тепкіш электрсораптар қондырғылармен пайдаланылатын ұңғыларды зерттеуді кейінгі түптік қысымды есептеуі бар динамикалық деңгейлерді импульсатормен өлшеу әдісін қолданып жүргізуге болады.

$$p_{\text{пн}} = p_{\text{вн}} - p_{\text{н}} \quad (1)$$

мұндағы  $p_{\text{вн}}$  – сорапты шығарғыштағы қысым, Па;  $p_{\text{н}}$  – сораппен жасалатын қысым, Па.

Ортадан тепкіш сораптың келксі қасиеттері бар: айнарудың тұрақты жиілігінде нольдік беріліс режиміндегі ( $Q = 0$ )  $H_0$  арын қоспаның тығыздығына да, оның тұтқырлығына да, сораптың тозу деңгейіне де тәуелді емес, яғни  $H_0 = \text{const}$ .  $H_0$  өлшемі насостың әр типтік мөлшері үшін сипаттамадан белгілі.

Зерттеуді келесі реттілікпен жүргізеді: БОЭС шығарғышына бүкіл зерттеу кезінде шығарғыштағы қысым өзгерісінің қисығын тіркейтін ұңғылық манометр түсіреді. Ұңғыға белгілі бір жұмыс режимін белгілейді де (сағадағы ысырма көмегімен) ол орнағаннан кейін ұңғы дебитін өлшейді  $Q_1$ . Ұңғылық манометр шығарғыштағы қысымды тіркейді  $p_{\text{вн1}}$  ал сағадағы манометр – сағадағы қысымды  $p_{y1}$ . Сонан соң, сағалық ысырманы жабады ( $Q=0$ ); ұңғылық манометр шығарғыштағы қысымды тіркейді  $p_{\text{вн}}'$ , сағадағы манометр - сағадағы қысымды тіркейді  $p_y'$ .

Сағадағы ысырманы ашып ұңғыны жаңа жұмыс режиміне ауыстырады да ол орнағаннан кейін дебитін өлшейді  $Q_2$ . Скважиналық манометр шығарғыштағы қысымды тіркейді  $p_{\text{вн2}}$ , ал сағадағы манометр – саға қысымын  $p_{y2}$ . Сосын ысырманы жабады; скважиналық манометр шығарғыштағы қысымды тіркейді  $p_{\text{вн}}''$ , ал сағадағы манометр саға қысымын –  $p_y''$ .

Осыған ұқсас зерттеулерді 3 – 4 режимдерде жүргізеді.

Нәтижелерді өңдеу мынаған апарарды. әр режим үшін лифтітегі қоспа тығыздығы есептеледі:

$$p_{\text{сл}} = \frac{p_{\text{вн}} - p_y}{gH_{\text{н}}}, \quad (2)$$

Мұндағы  $p_{\text{вн}}$  - сағада сырма жабылғандағы сорапты шығарғыштағы қысым, Па;  $p_y$  – ысырма жабық болғандағы ұңғы сағасындағы қысым, Па;  $H_{\text{н}}$  – сорапты түсіру тереңдігі, м.

Сорап нольдік беріліс режимінде жасайтын болғандықтан ( $Q = 0$ ),



$$p_{сл} = p_{сн} \quad (3)$$

мұна  $p_{сн}$  – сораптағы қоспа тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>.

Бұл режим үшін сораппен жасалатын қысым ( $Q = 0$ ),

$$p_{н'} = p_{сн} g H_0'$$

мұнда  $H_0$  – нольдік беріліс режиміндегі сорап арыны, м (сорап сипаттамасындағы арынның мәні).

(1) және (2) ескере отырып (3) формуласын келесі түрде жазамыз:

$$P_{н} = \rho_{сн} g H_0' \quad (4)$$

мұнда  $H_0$  – нольдік беріліс режиміндегі сорап арыны, м (сорап сипаттамасындағы арынның мәні).

(1) және (2) ескере отырып (3) формуласын келесі түрде жазамыз:

$$P_{н} = \frac{H_0}{H_{н}} (P'_{вн} - P'_y). \quad (5)$$

Мәндерді орындарына қойып, мынаны аламыз ( $p_{н} = p'_{вн}$ )

$$P_{пн} = P'_{вн} - \frac{H_0}{H_{н}} (P'_{вн} - P'_y). \quad (6)$$

Насосты қабылдағыштағы қысымды біле отырып  $p_{пн}'$  сәйкесінше түптік қысымды есептейміз. Егер индикаторлық түзу тұзусызықты болса, онда ұңғының өнімділік коэффициентін  $K_{пр}$  келесі формуламен есептеуге болады:

$$K_{пр} = \frac{Q_1 - Q_2}{P_{пн2} - P_{пн1}}, \quad (7)$$

Мұна  $Q_1, Q_2$  – сәйкесінше бірінші және екінші режимдегі қондырғы берілісі, м<sup>3</sup>/тәулік (т/тәулік);  $p_{пн1}, p_{пн2}$  – сәйкесінше бірінші және екінші режимдердегі сорапты қабылдағыштағы қысым, МПа.

**Мысал есебі.** ЭОС 5 – 130 – 600 қондырғысымен пайдаланылатын ұңғының индикаторлық түзуін келесі жағдайларда тұрғызу: ұңғы тереңдігі  $L_c = 1300$  м; қабат қысымы  $p_{пл} = 9,7$  МПа; падаланылатын бағананың ішкі диаметрі  $D_{эк} = 0,13$  м; қондырғыны түсіру тереңдігі  $H_{н} = 1150$  м; қабат мұнайының тығыздығы  $\rho_{пл} = 898$  кг/м<sup>3</sup>; су тығыздығы  $\rho_{в} = 1100$  кг/м<sup>3</sup>; мұнайдың көлемдік коэффициенті  $b_{н} = 1,1$ ; мұнайдың тұтқырлығы  $\nu_{н} = 1,85 \cdot 10^{-6}$  м<sup>2</sup>/с; өнімнің сулануы  $B = 0,5$ ; дебит  $Q = 134$  м<sup>3</sup>/сут.

Үш режимде ұңғыны зерттеу нәтижелері төменде көрсетілген.

Жұмыс режимі .....	1	2	3
$Q, \text{ м}^3/\text{сут.}$ .....	134	75	36
$p'_{вн}, \text{ МПа.}$ .....	10,53	12,73	13,88
$P_y, \text{ МПа.}$ .....	1,53	3,05	3,96

Нольдік беріліс режиміндегі сорап арыны  $H_0 = 800$  м.

Ысырманың жабық кезіндегі ұңғыны зерттеу мәліметтері бойынша сәйкес формуласымен сорапты қабылдағыштағы қысымды табамыз:

1 режим үшін:


$$P_{пн1} = 10,53 - \frac{800}{1150} (10,53 - 1,53) = 10,53 - 6,26 = 4,27 \text{ МПа};$$

2 режим үшін:

$$P_{пн2} = 12,73 - \frac{800}{1150} (12,73 - 3,05) = 12,73 - 6,73 = 6,00 \text{ МПа};$$

3 режим үшін:

$$P_{пн3} = 13,88 - \frac{800}{1150} (13,88 - 3,96) = 13,88 - 6,90 = 6,98 \text{ МПа}.$$



Сурет 15 Ұңғының индикаторлық сызығы

Түптік қысымды есептеу мақсатымен «түп – қабылдау қабаты» аралығынан минималды өнімді  $Q = 36 \text{ м}^3/\text{сут}$  режим үшін су шығару шартын тексереміз. Тәуелділік бойынша алдын-ала есептеп:

$$Re_H = \frac{1,274 \cdot 36(1 - 0,5)1,1}{86400 \cdot 0,13 \cdot 1,85 \cdot 10^{-6}} = 1699,5.$$

Берілген шарт орындалғандықтан, «түп – қабылдағыш» аралығында судың жиналуы болмайды және сумұнайлы қоспаның тығыздығын формуласы бойынша есептеуге болады:

$$\rho_{\text{вн}} = 898 \cdot 0,5 + 1100 \cdot 0,5 = 999 \text{ кг/м}^3.$$

«түп – қабылдағыш» аймағында қысым өзгерісін есептейміз:

$$\Delta p = \rho_{\text{вн}} g(L_c - H_n) = 999 \cdot 9,81(1300 - 1150) = 14047 \text{ МПа}.$$

Түптік қысымды табамыз:

$$1 \text{ режим үшін: } p_{\text{заб1}} = 4,27 + 1,47 = 5,74 \text{ МПа};$$

$$2 \text{ режим үшін: } p_{\text{заб2}} = 6 + 1,47 = 7,57 \text{ МПа};$$

$$3 \text{ режим үшін: } p_{\text{заб3}} = 6,98 + 1,47 = 8,45 \text{ МПа}.$$

әр режим үшін депрессияларды анықтаймыз:

$$\Delta p_1 = p_{\text{пл}} - p_{\text{заб1}} = 9,7 - 5,74 = 3,96 \text{ МПа};$$

$$\Delta p_2 = 9,7 - 7,47 = 2,23 \text{ МПа};$$

$$\Delta p_3 = 9,7 - 8,45 = 1,25 \text{ МПа}.$$

Есептеу нәтижелері бойынша индикаторлық түзуді тұрғызамыз. Индикаторлық түзу тұзусыздықты болғандықтан, өнімділік коэффициентін есептейміз  $K_{\text{пр}} = 120/3,96 = 30,3 \text{ м}^3/(\text{тәу} \cdot \text{МПа})$ .

### 10 Қатарынан бірнеше өтпелі қабаттарды пайдаланылатын ұңғыны зерттеу

Бір ұңғы арқылы бірнеше қабатшаларды пайдаланғанда ондағы қабаттық қысым әрқашан бірдей болмайды. Бұл жағдайда белгілі бір шарттарға сүйеніп қабатшалардың бір бірінен өнім ағуы мүмкін. Орнатылған тәртіптегі зерттеулердің нәтижелеріне қарап белгіленген ұңғыдағы орташа қабаттық қысымды есептеп табуға болады. Зерттеулердің нәтижелерін қорытындылау әрбір қабатшаға ғұрыпты тәсілмен жүргізіледі.

Мысал есебі. Қатарынан 3 қабатша пайдаланатын сусыз фонтанды ұңғыны зерттеу нәтижелерін қорытындылау. Дебиометриялық зерттеулердің нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

Ұңғыдағы түп қысымы қанығу қысымынан жоғары.

$p_{зоб} - Q$  (линии 1, 2 и 3) координатасында әрбір қабатшаның индикаторлық сызығын, сонымен бірге жиынтық индикаторлық сызық 4 (16 сурет) құрастырамыз. Барлық индикаторлық сызықтар түзу, сол үшін әрбір қабатшадағы қабаттық қысым мен орташа қабаттық қысымды  $P_{пл}$  анықтауға болады. Индикаторлық сызықты ординаталық оске шейін экстраполирлап келесі тәуелділіктерді аламыз:  
 $p_{пл1} = 16 \text{ МПа}$ ,  $p_{пл2} = 17 \text{ МПа}$ ,  $p_{пл3} = 16,1 \text{ МПа}$ ,  $p_{пл} = 16,27 \text{ МПа}$ . Анықтау теңдеуін пайдаланып, әрбір қабатшаның өнімділік коэффициентін есептейміз:

$$K_{пр1} = 40/(16-14,2) = 22,2 \text{ м}^3 / (\text{сут} \cdot \text{МПа})$$

$$K_{пр2} = 54/(17-14,2) = 19,3 \text{ м}^3 / (\text{сут} \cdot \text{МПа});$$

$$K_{пр3} = 95/(16,1-14,2) = 50 \text{ м}^3 / (\text{сут} \cdot \text{МПа}).$$

Ұңғының жиынтық өнімділік коэффициентін есептейміз:

$$K_{пр4} = 189/(16,27-14,2) = 91,3 \text{ м}^3 / (\text{сут} \cdot \text{МПа}).$$

Ұңғыдағы орташа қабаттық қысымы –  $p_{пл} = 16,27 \text{ МПа}$ , ал 2-ші қабатшадағы қабаттық қысым  $p_{пл2} = 17 \text{ МПа}$ , болғандықтан белгіленген ұңғыдағы қабатша келесі өнімділікпен жасайтын болады:  $Q_2 = K_{пр2}(p_{пл2} - p_{пл}) = 19,3(17-16,27) = 14,10 \text{ м}^3 / \text{сут}$ .

Кесте 1

Режим работы скважины	$p_{зоб}, \text{МПа}$	Дебит пропластка, $\text{м}^3 / \text{сут}$			Суммарный дебит $Q$ , $\text{м}^3 / \text{сут}$
		$Q_1$	$Q_2$	$Q_3$	
1	15,77	6,5	24	18	48,5
2	15,25	18	35	43	96
3	14,73	27	43	67	137
4	14,2	40	54	95	189


2-ші қабатшадағы мұнай бірінші және екінші қабатшаларға бағытталады. Екінші қабатшадан біріншіге мұнай ағуын есептейік:

$Q_1 = K_{пр1} (p_{пл} - p_{пл1}) = 22,2 (16,27 - 16) = 6 \text{ м}^3 / \text{сут}$ . Сонымен бірге 2-шіден 1-шіге мұнай ағуын есептейік:  $Q_3 = K_{пр3}(p_{пл} - p_{пл3}) = 50(16,27 - 16,1) = 8,5 \text{ м}^3 / \text{сут}$

Бұдан мұнайдың 2-ші қабатшадан 1-ші және 3-ші қабатшаларға жиынтық ағуы:  $14,1 \text{ м}^3 / \text{сут}$ . Сонымен бірге 1-ші және 2-ші қабатшалардың мұнайды жиынтық жұтуы:  $Q_1 + Q_3 = 6 + 8,5 = 14,5 \text{ м}^3 / \text{сут}$ .

$14,1 \text{ м}^3 / \text{сут}$  и  $14,5 \text{ м}^3 / \text{сут}$  цифрларын салыстыру  $2,8 \%$  айырмашылықты көрсетеді. Бұл айырмашылық қабатшалардағы қабаттық және орташа қысым мәндерін экстраполяциялау қателіктерінен туындайды.

$p_{пл}$ -ға түзету енгізейік. Оның дәлдеу мәні:  $p_{пл} = 16,265$ . Бұл берілген мән  $p_{пл}$  үшін суммарлық өнімділік коэффициенті:  $K_{пр4} = 189/(16,265-14,2) = 91,5 \text{ м}^3 / (\text{сут} \cdot \text{МПа})$



Сурет 16 өнімді қабатшалы ұңғының индикаторлық сызықтары

Әрбір қабатшаның өнімділік коэффициентін біле отырып жиынтық өнімділік коэффициентін есептеп шығарайық:

$$K_{np4} = K_{np1} + K_{np2} + K_{np3} = 22,2 + 19,3 + 50 = 91,5 \text{ м}^3/(\text{сут} \cdot \text{МПа})$$

Сол себептен ұғыдағы орташа қабаттық қысым беріп тұр:  $p_{пл} = 16,265 \text{ МПа}$ . Қайтадан есептейік:

$$Q_2 = 19,3(17 - 16,265) = 14,18 \text{ м}^3/\text{сут};$$

$$Q_1 = 22,2(16,265 - 16) = 5,9 \text{ м}^3/\text{сут};$$

$$Q_3 = 50(16,265 - 16,1) = 8,25 \text{ м}^3/\text{сут}.$$

Бұдан жиынтық ағыс  $14,15 \text{ м}^3/\text{сут}$ , ал  $(Q_1 + Q_3)$  пен  $Q_2$  арасындағы айырмашылық – тек 0,2%-ке толық рұқсат етіледі.

### 11 Мұнай ұңғысына ағынды зерттеу. Өнімділік коэффициентін есептеу

Ағынды зерттеу күнделекті өткізіледі ұңғының стационарлық жұмысына бірнеше режимдер. Мына әдісте кәсіпорын тәжірибелерінде әдіс сыналатын көшіру атын алды.

**Мысал есебі.** Сусыз фонтанды ұңғының өнімділік коэффициенті есептеп табу осыларға оның дәлелдеп зерттелетін әдіспен сыналатындарың шайқау. Қорытынды ұңғы зерттеулері төменгі жағында көрсетілген.

Ұңғының жұмыс тәртібі	1	2	3	4	5
Дебит мұнайдың, т/сут	33	60	95	140	0
Түп қысымы, МПа	18	16,4	14,2	12	20
Күйзеліс, МПа	2	3,6	5,8	8	0

Түп қысымдардың өлшеуі манометрмен ұңғы мен өткізілген.


Зерттеулердің нәтижелерімен ұңғының индикаторлық сызығын саламыз(сурет 17).

Жұмыстың әрбір тәртібінде күйзелісті алдын ала есептейміз:

$$\Delta p = p_{пл} - p_{заб} \quad (1)$$

Мұндағы,  $p_{пл}$  – қабат қысымы, МПа;

$p_{заб}$  – түп қысымы, МПа



Сурет 17 Ұңғының индикаторлық сызығы

Зерттеулердің қортындысынан  $p_{пл} = 20$  МПа.

Көрініп тұрғандай индикаторлық сызық түзу сызықты. Тап осы кезде дәлелдеп алынған өнімділік коэффициенті

$$K_{i\partial} = \operatorname{tg} \alpha = \frac{Q}{\Delta p} \quad (2)$$

мұндағы,  $K_{i\partial}$  – коэффициент өнімділігі, т/ (сут·МПа);

$\alpha$  - индикаторлық сызықтың еңкею бұрышы;

$Q$  - ұңғы дебиті, т/сут;

$\Delta p$  - депрессия, МПа;

Мұндай сипатпен,  $K_{i\partial} = 120/8,2 = 14,634$  т/(сут·МПа).

**Ескерту.** Алу кезінде сызықтық емес индикаторлық сызықтар есептеу ұңғының өнімділік коэффициенті мүмкін емес. Осыған орай қарап шығамыз, қашан индикаторлық сызық ұзындық емес. Осыған орай ұңғының сұйықтық құйылу теңдеуі осы түрде болады

$$\frac{\Delta P}{Q} = A + BQ^2 \quad (3)$$

мұндағы,  $A$  - коэффициенті, сипаттайтын шығындар қажалып және бір қалыпты болады, кейін қарай бір қалыпты коэффициент өнімділігі, (сут·МПа)/т;  $B$  - коэффициенті, инерциялық шығындар сипаттайтын және бір қалыпты болады (МПа·сут<sup>2</sup>)/т<sup>2</sup>


Теңестіріп бөлеміз (3) өнімге  $Q$ :

$$\frac{\Delta P}{Q} = A + BQ \quad (4)$$

Теңестіріп алынған (4) координаталарда түзу теңдеумен келеді  $\Delta p/Q - Q$ . Нұсқамен келген, өңдеу нәтижесін зерттелуі (4) коэффициенттерді табуға мүмкіндік етеді  $A$  и  $B$ .

## 12 Қысымды қалпына келтіру әдісімен ұңғыны зерттеу

Қалыптаспаған сүзілу режимі кезіндегі ұңғыны зерттеу – бұл өзгерісі тек қабаттың серпімді күштері мен оны қанықтырушы сұйықтықтардың әсерінен болатын режимде зерттеу.



Сурет 18 Координаталар жүйесінде көрсетілген ұңғының зерттеу мәліметтері  $\frac{\Delta P}{Q}$  және  $Q$

Негізінде ұңғыны қалыптаспаған сүзілу режимі кезінде зерттеудің екі әдісі бар.

Ұңғы жұмысының режимін бір қайтара өзгерту әдісі – бұл тұрақты өнімі бар тыныш тұрған ұңғының іске қосылуы немесе қалыптасқан режимде жұмыс жасаған ұңғы жұмысының тоқтатылуы, қысым қисығының өзгерісін алу және оны координатаға салу  $P-lg t$ .

Режимді екі қайтара өзгерту әдісі – бұл тұрақты өнімі бар ұзақ уақыт тұрған немесе бұрғыланған ұңғыны іске қосу, ұңғының дренаждау зонасының шекарасының қабат қисымы воронкасы арқылы жетуге керек уақыттан аз уақыт ішінде ұңғыны өңдеу және оның кейінгі тоқтатылуы. Көбіне қысым өзгерісінің екінші қисығы жазылып, өңделіп координаталар жүйесіне салынады.  $P(t)$  немесе  $P-lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]$ .

мұнда,  $T$  – ұңғы жұмысының уақыты;

$t$  – қысымның қалпына келуінің ағымдағы уақыты.

Ұңғы жұмысы режимінің екі қайтара өзгерісін қарастырайық. Зерттеу мәліметтерін координаталар жүйесінде Хорнер әдісі арқылы өңдейді  $P_{заб}(t)$  және  $lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]$ .

$$P_{заб} = P_{nl} - \left[ \frac{2,3Q\mu b_n}{4\pi kh} \right] lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right] \quad (1)$$

Тұрақты өнімі бар ұңғының есептелу уақытын анықтаймыз:

$$T = \frac{\sum Q}{Q} \quad (2)$$

1 кестесін пайдалана отырып, координатада қысымның қалпына келу қисығын тұрғызамыз  $P_{заб}$  және  $lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]$ .

Түзудің бұрыштық коэффициентін мына теңдеумен анықтаймыз:

$$i = \frac{\left( P_{заб}'' - P_{заб}' \right)}{lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]' - lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]''} \quad (3)$$

Түзуді ордината осімен қиылысқанша жүргізіп, біз қабат қисымының мәнін аламыз.  $P_{nl} = 28,35 \text{ МПа}$ .

Газсыздалған мұнай  $1м^3$  қанығу қысымында  $1,8м^3$  көлемді қамтиды. Қысымның көбеюі кезінде бұл көлем мұнайдың серпімділігі нәтижесінде  $\Delta V$  -ға азаяды. Ол мына формуламен анықталады:

$$\Delta V = V\beta_n \Delta P \quad (4)$$

Қабат қысымындағы мұнайдың көлемдік коэффициенті:

$$\beta_n = (b_n P_{нас}) - \Delta V \quad (5)$$

1 кесте Ұңғы зерттеулерінің мәліметтері

$P_{заб},$ МПа	$t,$ сек	$\left[\frac{(T+t)}{t}\right]$	$\lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]'$	$P_{заб},$ МПа	$t,$ сек	$\left[\frac{(T+t)}{t}\right]$	$\lg\left[\frac{(T+t)}{t}\right]''$
28,04	300	45,20	1,655	28,26	5400	3,46	0,539
28,11	600	23,10	1,364	28,28	7200	2,84	0,454
28,15	900	15,73	1,197	28,29	9000	2,47	0,393
28,19	1500	9,84	0,993	28,30	10800	2,23	0,348
28,22	2400	6,52	0,815	28,31	12600	2,05	0,312
28,24	3600	4,68	0,671	28,32	14400	1,92	0,283

Гидроөткізгіштік коэффициентін анықтайтын формула:

$$\frac{Kh}{\mu} = 2,3Qb_H / (4\pi i) \quad (6)$$

Пьезоөткізгіштік коэффициентін есептеу:

$$\chi = \frac{k}{[\mu(m\beta_n + \beta)]} \quad (7)$$

Скин-эффект көрсеткіші немесе түп маңы зонасының қосымша шығынының сомалық коэффициентін мына формуламен анықтайыыз:

(8)

мұндағы,  $P_{заб}(60)$  - 60 сек. кейінгі түп қысымы

$P_{заб}(0)$  - қалыптасқан режимдегі түп қысымы.

Түп маңы зонасындағы қосымша кедергілерден өту үшін кеткен қысым шығыны:

$$P_{дон} = \frac{iS}{1,15} \quad (9)$$

Салыстырмалы қосымша шығындар:

$$P_{дон} = \frac{100P_{дон}}{(P_{пл} - P_{заб.0})} \quad (10)$$

### 13 Газды ұңғыға ағылысты зерттеу

Қалыптасқан режимдерде жасайтын газды ұңғыны зерттеу мұнай ұңғыларын зерттеумен ұқсас жүргізіледі.

Қалыптасқан режим кезіндегі зерттеу нәтижелерін өңдеу негізінде келесі теңдеу жатыр:

$$p_{пл}^2 - p_{заб}^2 = AV + BV^2, \quad (1)$$

мұнда,  $A$  – өлшемі  $сут \cdot \frac{МПа^2}{м^3}$  болатын кеуекті ортадағы газдың фильтрациясы кезіндегі қысымның үйкеліске кеткен шығынын сипаттайтын коэффициент;

$B$  – өлшемі  $сут^2 \cdot \frac{МПа^2}{м^6}$  болатын қысымның инерциялық шығынын сипаттайтын коэффициент;

$V$  – газ дебиті,  $\frac{м^3}{сут}$ .

Теңдеудің (4.8) сызықтығын оны газ дебитіне  $V$  бөлу арқылы келтіреді:

$$\frac{(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)}{V} = A + BV. \quad (2)$$

Қалыптасқан режимдердегі газды ұңғының зерттеу мәліметтері  $\frac{(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)}{(V - V)}$  координаталарында өңделеді. Бұл координаталарда зерттеу мәліметтері экстраполяциясы  $\frac{(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)}{V}$  осіне дейін онда  $A$  тілігін кесіп өтетін түзу болып табылады. Бұл түзудің  $B$  бұрыштық коэффициентін былай есептейді:

$$B = tg\beta = \frac{\left(\frac{p_{нл}^2 - p_{заб}^2}{V}\right)_2 - \left(\frac{p_{нл}^2 - p_{заб}^2}{V}\right)_1}{V_2 - V_1}. \quad (3)$$

**Мысал есебі.** Қалыптасқан режимдегі зерттеу мәліметтері төменде келтірілген, ұңғы үшін газ ағынының  $A$  және  $B$  коэффициенттерін есептеу.

Ұңғының қабат қысымы  $p_{нл}=22МПа$ .

Ұңғының жұмыс режимі –	1	2	3	4
Ұңғы өнімі	2	1,85	1,2	0,55
$10^6 м^3/сут$				
Түп қысымы, МПа	7,5	10,6	18	21
$(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)$ , МПа <sup>2</sup>		427,75	371,64	160
$(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)/V$ ,		213,875	200,886	133,333
$10^6 сут МПа^2/м^3$ .				78,182

$(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)$  және  $\frac{(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)}{V}$  есептеулерінің нәтижелері осында көрсетілген. 15-ші

суретте  $\frac{(p_{нл}^2 - p_{заб}^2)}{V} = f(V)$  тәуелділігі көрсетілген. Ордината осімен қиылысуына дейін

түзуді экстраполярлау арқылы  $A = 25 \cdot 10^{-6} МПа^2 \cdot \frac{сут}{м^3}$  аламыз.

1 и 2 нүктелері үшін  $B$  коэффициентін (3) бойынша табамыз.

Газдың берілген ұңғыға ағуының теңдеуі мынадай болады:

$$p_{нл}^2 - p_{заб}^2 = 25 \cdot 10^{-6} V + 92,5 \cdot 10^{-12} V^2 \quad (4)$$

Егер ұңғы дебиті  $0,75 \cdot 10^6 м^3/сут$  тең болса, түп қысымын (4) формуласымен есептейміз.

**Мысал есебі.** Сынақ жүзінде анықталған өнімділік коэффициенті  $K_{пр} = 14,634 м/(сут \cdot МПа)$  болатын ұңғының түп маңы зонасының параметрлерін есептеу. Өнімді қабат қалыңдығы  $h = 5 м$ ; қабат температурасындағы мұнайдың көлемдік коэффициенті



$b_H=1,22$ ; қабат жағдайындағы мұнайдың тығыздығы  $\rho_{HII}=802 \text{ кг/м}^3$ ; қабат мұнайының тұтқырлығы  $\mu_n = 2 \text{ мПа}\cdot\text{с}$ ; қуат көзі нұсқасының радиусы  $R_K=200\text{м}$ ; ұңғының келтірілген радиусы  $r_{np}=9\cdot 10^{-6}\text{м}$ .

Келесі формуламен өнімділік коэффициентін анықтаймыз:

$$K'_{IP} = 1,15741 \cdot 10^{-8} \frac{14,634}{802} = 2,1119 \cdot 10^{-10} \text{ м}^3/(\text{с} \cdot \text{Па}).$$

гидроөткізгіштік коэффициентін есептейміз

$$\frac{kh}{\mu_H} = \frac{2,1119 \cdot 10^{-10} \cdot 1,22 \ln \frac{200}{9 \cdot 10^{-6}}}{2 \cdot 3,14} = 6,94 \cdot 10^{-10} \text{ м}^3/(\text{с} \cdot \text{Па}).$$

Мұнайдың құбылмалылық (қозғалмалылық) коэффициентін есептейміз:

$$\frac{k}{\mu_H} = \frac{kh}{\mu_H h} = \frac{6,94 \cdot 10^{-10}}{5} = 1,388 \cdot 10^{-10} \text{ м}^3/(\text{с} \cdot \text{Па}).$$

Ұңғының түп маңы зонасының өткізгіштігін анықтаймыз:

$$k = \frac{k}{\mu_H} \mu_H = 1,388 \cdot 10^{-10} \cdot 2 \cdot 10^{-3} \approx 0,278 \cdot 10^{-12} \text{ м}^2.$$

**Мысал есебі.** Келтірілген шарттар үшін газ ұңғысының түп маңы зонасының параметрлерін есептеу (Дарси заңы сақталады):  $A=25 \cdot 10^{-6} \text{ МПа}\cdot\text{тәулік/м}^3$ ; қабат температурасы  $T_{\text{шт}}=315\text{К}$ ; қуат көзі нұсқасының радиусы  $R_K=400\text{м}$ ; ұңғының келтірілген радиусы  $r_{np} = 5 \cdot 10^{-5}\text{м}$ ; қабат қалыңдығы  $h=11,3\text{м}$ ; қабат жағдайындағы газдың тұтқырлығы  $\mu_r = 1,3 \cdot 10^{-5} \text{ Па}\cdot\text{с}$ ; асыра сығылу коэффициенті  $r=0,791$ .

Сәйкес формула бойынша сандық коэффициентті есептейміз

$$a = 8,64 \cdot 10^{16} \cdot 25 \cdot 10^{-6} = 2,16 \cdot 10^{12} \text{ с}\cdot\text{Н}^2 / \text{м}^7.$$

Гидроөткізгіштік (газөткізгіштік) коэффициентін анықтаймыз:

$$\frac{kh}{\mu_r} = \frac{0,791 \cdot 0,98 \cdot 10^5 \cdot 315}{2,16 \cdot 10^{12} \cdot 3,14 \cdot 293} \ln \frac{400}{5 \cdot 10^{-5}} = 1,9531 \cdot 10^{-7} \text{ м}^3/(\text{с}\cdot\text{Па}).$$

Газдың құбылмалылық коэффициенті:

$$\frac{k}{\mu_r} = \frac{kh}{\mu_r h} = \frac{1,9531 \cdot 10^{-7}}{11,3} \approx 0,173 \cdot 10^{-7} \text{ м}^2/(\text{с}\cdot\text{Па}).$$

Түп маңы зонасының өткізгіштігі:

$$k = \frac{k}{\mu_r} \mu_r = 0,173 \cdot 10^{-7} \cdot 1,3 \cdot 10^{-5} \approx 0,225 \cdot 10^{-12} \text{ м}^2.$$

**Мысал есебі.** Газдың орташа температура және орташа сығылу коэффициенті әдісімен фонтандаушы газды ұңғының түптік қысымын анықтау.

Есептеу формулалары келесі жорамалдардан қорытылған:

- 1) қозғалыс режимі қалыптасқан;
- 2) газ ағымы бір фазалы;
- 3) кинетикалық энергия өзгерісінің аздығы сонша, оны ескермеуге де болады;
- 4) газдың сығылу коэффициенті оның орташа мәнінде тұрақты;
- 5) үйкеліс коэффициенті бүкіл бағана ұзындығы бойынша тұрақты.

Ұңғының берілгендері: газдың салыстырмалы меншікті салмағы  $\gamma = 0,75$ ; ұңғы тереңдігі  $H = 3050\text{м}$ ; түптегі температура  $T_1 = 391,5 \text{ }^\circ\text{К}$ ; саға температурасы  $T_2 = 316,5 \text{ }^\circ\text{К}$ ; шектік

температура  $T_{кр}=226,5^{\circ}K$ ; ұңғы сағасындағы қысым  $p_y=140,6\text{ ат}$ ; шектік қысым  $p_y=46,8\text{ ат}$ ; ұңғының өнімділігі  $Q=139\text{ тыс. м}^3/\text{сут}$ ; көтергіш құбырдың диаметрі  $d=6,2\text{ см}$ .

Түптік қысым мына формуламен анықталады:

$$p_{заб}^2 = p_y^2 e^s + \frac{3,85\gamma \bar{T} \bar{z} f H (e^s - 1) Q^2}{d^5 s}$$

Мұнда,

$$s + \frac{2H\gamma}{29,27\bar{T}\bar{z}} = \frac{2 \cdot 0,03415H\gamma}{\bar{T}\bar{z}}$$

Орташа температура  $T_{cp} = \frac{T_1 + T_2}{2}, ^{\circ}K$ .

Келтірілген орташа температура:

$$\bar{T}_{np} = \frac{\bar{T}}{T_{кр}}, ^{\circ}K$$

Түптік қысымды анықтау үшін дәйекті жобалау әдісін қолданамыз.

1) Бірінші жобалауға  $p_{заб}=140,6\text{ ат}$ . аламыз

Келтірілген орташа қысым:

$$\bar{p}_{np} = \frac{\bar{p}}{p_{кр}}$$

Табылған  $\bar{T}_{np}$  және  $\bar{p}_{np}$  мәндерінде газдың орташа сығылу коэффициенті  $\bar{z} = 0,808$ . Сонда,

$$s = \frac{2 \cdot 0,03415H\gamma}{\bar{T}\bar{z}}$$

$\bar{T} = 354^{\circ}K$  және  $\bar{p} = 140,6\text{ ат}$  кезінде газдың динамикалық тұтқырлығы  $\mu = 0,0118 \cdot 1,44 = 0,017\text{ снз}$ .

Рейнольдстің орташа параметрі:

$$\bar{Re} = \frac{1800Q\gamma}{\mu d}$$

Құбырдың салыстырмалы кедір-бұдырлығы:

$$\frac{E}{d} = \frac{0,001524}{6,2} = 0,246 \cdot 10^{-3} \quad (E \text{ — абсолют кедір-бұдырлық, см}).$$


Табылған  $\bar{Re}$  және  $\frac{E}{d}$  мәндерінде орташа үйкеліс коэффициенті  $f = 3,75 \cdot 10^{-3}$ .

2) Екінші жобалауға  $p_1=191,8\text{ ат}$  аламыз, сонда:


$$p_{cp} = \frac{p_1 + p_y}{2}$$

**Мысал есебі.** Қысымның көтерілу және түсу қисықтары арқылы газ қабатының тиімді өткізгіштігін анықтау.

Түптік қысымның өзгеруі бойынша  $p_{заб}$  ат-ғы және  $t$  уақыттың  $сғ-та$  (19 сурет) координаталарында және қысым төмендеуінің түзуі  $p_{заб}^2$  ат-ма<sup>2</sup> және  $lgt$  координаталарында (20 сурет).



Сурет 19 Газды жібергеннен кейінгі газ ұңғысындағы түп қысымының төмендеу түзуі.



Сурет 20-  $p_{заб}^2$  және  $t$  координаталарындағы түп қысымының төмендеу сызығы.

Соңғы графиктен түзудің қисаюын табамыз  $i = 38,5 \text{ абс} \cdot \text{ат}^2 / \text{цикл}$ .


Қысымның төмендеу қисығы бойынша қабаттың тиімді өткізгіштігі мына формуладан табылуы мүмкін:

$$k = \frac{0,1365 \mu z T Q}{2 h i}, \text{ мд.}$$

Мұнда  $\mu = 0,0113 \text{ смз}$  – газ тұтқырлығы;  $z = 0,92$  - қабат жағдайындағы газдың сығылу коэффициенті;  $T = 302^\circ K$  – қабат қысымы;  $Q = 41400 \text{ м}^3 / \text{сутки}$  – ұңғының орташа дебиті;  $h = 5,18 \text{ м}$  — қабаттың тиімді қуаты.

2 суреттегі  $i$  түзуінің қисаюы, уақыттың бір тәртіппен өзгеруіне сәйкес келетін бір логарифмдік циклдің учаскесіндегі  $p_{заб}^2$  өзгеруімен сипатталады. Ондық логарифмге өту кезінде өлшемділік мөлшерлігінің бөлімін  $i \text{ абс} \cdot \text{ат}^2 / \text{цикл}$  2,3-ке көбейту керек.

Қысымның қалпына келу қисығы бойынша қабаттың тиімді өткізгіштігін анықтау үшін график  $p_{заб}^2 \text{ ат}^2$  –та және  $\lg \frac{t_p + \Delta t}{\Delta t}$   $\text{саг-та}$  координаталарында тұрғызылады (21 суретте), мұнда  $t_p$  - жабылуына дейінгі тұрақты дебиті бар ұңғы жұмысының ұзақтығы  $\text{саг}$ , ал  $\Delta t$  - ұңғы жабылғаннан кейінгі уақыт,  $\text{саг}$ .



Сурет 21 Ұңғы жұмысы тоқтатылғаннан кейінгі қысымның қалпына келу түзуі.  
Түзудің қисаюын табамыз  $i = 33,3 \text{ абс} \cdot \text{ат}^2 / \text{цикл}$ .  
Тиімді өткізгіштік те сол формуламен анықталады:

$$k = \frac{0,1365 \mu z T Q}{2hi}$$

#### 14 Сұйықтың сұрыптау нормасының есептеулері. Сұрыптау шек қоюларының критерийлері

Ұңғыдан сұйықты сұрыптау нормасы деп ұңғының ұзақ уақыт бойы апатсыз жұмысындағы қабат энергиясын ұтымды пайдалану кезінде қабаттың өнімділік сипаттамасын қамтамасыз ететін дебитті түсінеді. Сұйықты сұрыптау нормасы бойынша ұңғылар екі группаға бөлінеді: шектеулі және шексіз сұрыптау.

Шексіз сұрыптаулы ұңғы үшін сұрыптау нормасы потенциалды өніммен немесе шығарушы құрал-жабдықтың техникалық мүмкіндіктерімен шектеледі.

Сұрыптауға шек қоюларының негізгі шарттарына мыналар жатады:

- Ұңғымен игерілетін қабат көлемінің едәуір бөлігіне бос газдың түсуін алдын алу,
- $P_{заб} \geq 0,75 p_{нас}$ ;
- Кеніште су мен газ конустарының қалыптасуын болдрмау;
- Қысым айырмасын шектейтін коллектордың механикалық беріктігі;
- Отырғызылған колонналардың езілу жағдайын жою;
- Еңкейіп бағытталған ұңғы қисықтығының бұрышының үлкендігінен ұңғы жабдығының қажетті тереңдікке түсірілуінің мүмкін еместігі;
- Шығарушы жабдықты қолдану мүмкіндігінің шектеулілігі немесе болмауы;
- Ұңғы өнімін көтеру үшін пайдаланылатын энергетикалық жабдықтың шектеулі сипаттамалары (компрессор қысымының және оның компрессорлы пайдалану кезінде берілудің шекті мәндері);
- Жұмысшы агенттің шектеулі ресурстары (мысалы, компрессорлы пайдалануда газдың) және т.б.

**Мысал есебі.** Келесі жағдайлар үшін компрессорлы тәсілмен пайдаланылатын ұңғыдан мұнайды алу шегін есептеу: қабат қысымы  $p_{пл} = 16 \text{ МПа}$ , қанығу қысымы  $p_{нас} = 8 \text{ МПа}$ , өнімділік коэффициенті  $K_{пр} = 40 \text{ т}/(\text{сут} \cdot \text{МПа})$ . Коллектордың механикалық беріктігі, потенциалды өнімі ұңғының жұмысын қамтамасыз етеді. Жұмысшы агенттің (газдың) ең жоғарғы мүмкін шығыны  $V_r = 60\,000 \text{ м}^3/\text{сут}$ .

Ұңғы тереңдігі  $L_c = 2200 \text{ м}$ ; қабат мұнайының тығыздығы  $p_{нт} = 850 \text{ кг}/\text{м}^3$ ; газсыздалған мұнай тығыздығы  $p_{нд} = 902 \text{ кг}/\text{м}^3$ ; газдық фактор  $G_v = 40 \text{ м}^3/\text{т}$ ; мұнайлы газдың орташа ерігіштік коэффициенті  $\alpha = 5 [1/\text{МПа}]$ ; еркін газдың жұмысшы қысымы  $p_p = 0,75 \cdot 8 = 6 \text{ МПа}$ . Сұрыптау нормасы  $Q = 40(16 - 6) = 400 \text{ т}/\text{сут}$ .

Әлбетте  $P_{заб} \geq p_p$  болғандықтан, көтеруші ұзындығын келесі формуламен есептейміз:

$$H = L_c - (P_{заб} - p_б) / (p_{см} g), \quad (1)$$

Мұндағы  $p_б$  – түптегі қысым, Па;  $p_{см}$  – лифтінің түп интервалындағы газмұнайлы қоспаның тығыздығы,  $\text{кг}/\text{м}^3$ .

$p_{cm}$  өлшемін  $800 \text{ кг/м}^3$  тең деп аламыз. Газды айдау кезіндегі қысым шығыны  $0,5 \text{ МПа}$  тең, түп маңындағы қысым  $p_6=(p_p-0,5) = 5 - 0,5 = 4,5 \text{ МПа}$ .

Формула бойынша көтергіш ұзындығын есептейміз

$$H = 2200 - (6 - 45) \cdot 10^6 / 800 \cdot 9,81 = 2009 \text{ м.}$$

Көтергіш жұмысын тиімді режимге болжап, оның диаметрін (мм) есептейміз

$$d = 400 \sqrt{\frac{p_H H}{p_6 - p_y}} \sqrt{\frac{QH}{p_H g H - p_6 + p_y}} \quad (2)$$

Көтергіштегі мұнайдың орташа тығыздығы  $p_H=(p_{нп} + p_{нд})/2 = (850+902)/2 = 876 \text{ кг/м}^3$ .

Көтергіштің диаметрі

$$d = 400 \sqrt{\frac{876 \cdot 2009}{10^6(4,5 - 0,8)}} \sqrt{\frac{400 \cdot 2009}{876 \cdot 9,81 \cdot 2009 - (4,5 - 0,8)10^6}} = 99,23 \text{ мм.}$$

СКК ең жақын стандартты диаметрін қабылдаймыз, шартты диаметрі  $114 \text{ мм}$ , ішкі диаметрі  $100,3 \text{ мм}$ .

Үйлесімді режимдегі газдың меншікті шығыны

$$R_{\text{опт}} = \frac{0,388(p_H g H + p_6 - p_y)}{d^{0,5}(p_6 - p_y) \ln \frac{p_6}{p_y}} \quad (3)$$

Біздің жағдайда

$$R_{\text{опт}} = \frac{0,388(876 \cdot 9,81 \cdot 2009 + 0,8 \cdot 10^6 - 4,5 \cdot 10^6)}{(100,3)^{0,5}(4,5 - 0,8)10^6 \lg \frac{4,5}{0,8}} = 380,4 \frac{\text{м}^3}{\text{т}}$$

Айдалатын газдың меншікті шығыны

$$R_{\text{наг}} = R_{\text{опт}} - [G_0 - \alpha \frac{(p_6 + p_y)}{2}] \quad (4)$$

Біздің жағдайда

$$R_{\text{наг}} = 380,4 - \left[ 40 - 5 \frac{(4,5 + 0,8)}{2} \right] = 353,65 \frac{\text{м}^3}{\text{т}}$$

Газдың барлық шығыны

$$V_{\Gamma} = Q R_{\text{наг}} = 400 \cdot 353,65 = 141460 \text{ м}^3 \quad (5)$$

Қолда бар газ қысымы  $V_{\Gamma}=60\ 000 \text{ м}^3$  болғандықтан, ұңғы өнімін  $400 \text{ т/тәулік}$  қамтамасыз ету мүмкін емес. Алынған айдалатын газдың меншікті шығынын  $R_{\text{наг}} = 353,65 \text{ м}^3/\text{т}$  деп қабылдап, ұңғының мүмкін өнімін есептейміз

$$Q_B = V_{\Gamma} / R_{\text{наг}} = \frac{60\ 000}{353,65} \simeq 170 \frac{\text{т}}{\text{сут}}$$

Міне осылай, берілген нақты жағдайда сұрыптау нормасы шамамен  $170 \text{ т/тәулік}$  болады.

## 15 Қалыптаспаған режим кезіндегі зерттеулер нәтижелерін талдау

Ұңғының стационарлы емес жұмыс режиміндегі зерттеулердің нәтижелерін талдап берудің негізінде (түп қысымын қалпына келтіру қисықтарын өңдеу) келесі теңдеу жатыр:

$$\Delta p(t) = \frac{Q \mu_H b_H}{4 \pi k h} \ln \frac{2,25 k t}{r_{\text{пр}}^2} \quad (1)$$

Мұнда  $\Delta p(t)$  – түптік қысымдардың  $t$  уақытындағы функциясының айырымдарының өзгеруі, Па;  $Q$  – ұңғы жабылғанға дейін жұмыс жасаған бетте өлшенген ұңғының қалыптасқан дебиті, м<sup>3</sup>/с;  $\mu_n$  – қабат жағдайларындағы мұнайдың (сұйықтықтың) тұтқырлығы, Па·с;  $b_n$  – қабат температурасындағы мұнайдың көлемдік коэффициенті;  $k$  – қабаттың дренаждалатын аймағының өткізгіштігі, м<sup>2</sup>;  $h$  – қабаттың тиімді қалыңдығы, м;  $K$  – қабаттың әрекет ететін аймағының пьезоөткізгіштік коэффициенті, м<sup>2</sup>/с;  $r_{np}$  – ұңғының келтірілген радиусы, м. (1) теңдеуін келесі түрде жазамыз:

$$\Delta p(t) = \frac{Q\mu_n b_n}{4\pi k h} \ln \frac{2,25Kt}{r_{np}^2} + \frac{Q\mu_n b_n}{4\pi k h} \ln t. \quad (2)$$

Берілген теңдеу  $\Delta p - \ln t$  координаталарындағы түзудің теңдеуі болып табылады, сонымен қатар ордината осіндегі түзуден кесілетін кесінді:

$$A = \frac{Q\mu_n b_n}{4\pi k h} \ln \frac{2,25K}{r_{np}^2}, \quad (3)$$

ал түзудің бұрыштық коэффициенті:

$$B = \frac{Q\mu_n b_n}{4\pi k h}. \quad (4)$$

Қабылданған белгілеулерді ескере отырып (2) теңдеуін келесі түрде жазамыз:

$$\Delta p = A + B \ln t. \quad (5)$$

Сонымен түп қысымын қалпына келтіру қисығын талдау қажет:  $-t$  уақытының белгіленген мәндері үшін  $\ln t$  есептеу;

$-\Delta p = f(t)$  тәуелділігін  $\Delta p - \ln t$  координаталарында тұрғызу;

Берілген тәуелділіктің ордината осімен қиылысқанға дейінгі бөлігін экстраполирлеу және  $A$  шамасының сандық мәнін есептеу,  $B$  бұрыштық коэффициентін есептеу.

$B$  берілген мәнімен есептеу:

$$\frac{kh}{\mu_n} = \frac{Q b_n}{4\pi B}, \quad (6)$$

$h$  белгілі мәнінде қозғалғыштық коэффициентін есептеу  $k/\mu_n$ ;

$h$  және  $\mu_n$  белгілі мәндерінде өткізгіштік коэффициентін анықтау  $k$ ; пьезоөткізгіштік коэффициентін есептеу:

$$K = \frac{k}{[\mu_n (m\beta_{ж} + \beta_n)]}, \quad (7)$$

мұнда  $m$  – кеуектілік коэффициенті;  $\beta_{ж}$  и  $\beta_n$  – сәйкесінше сұйықтық пен тау жынысының сығылу коэффициенті ( $\beta_{ж} = 1,2 \cdot 10^{-9}$  1/Па,  $\beta_n = 1,5 \cdot 10^{-1}$  1/Па);

$A$  белгілі өлшемі бойынша ұңғының келтірілген радиусын есептеу:

$$r = \sqrt{\frac{2,25K}{e^{A/B}}}. \quad (8)$$

**Мысал есебі.** Қанығу қысымынан жоғары түп қысымымен жұмыс жасайтын және өнімі  $Q_m=112$  т/тәу сусыз фонтанды ұңғыда түп қысымын қалпына келтіру зерттеуі жүргізілді (1 кесте).


Қабаттың тиімді қалыңдығы 7,5 м; қалыпты жағдайлардағы газсыздалған мұнайдың тығыздығы  $\rho_{нд} = 865$  кг/м<sup>3</sup>; қабат температурасындағы мұнайдың көлемдік коэффициенті  $b_n=1,18$ ; қабат жағдайларындағы мұнайдың тұтқырлығы  $\mu_{np}=2,1$  мПа·с; кеуектілік коэффициенті  $m = 0,27$ .

1 кестедегі мәліметтер бойынша  $\Delta p_{заб} - \ln t$  координаталарында түп қысымын қалпына келтіру қисығын тұрғызамыз (сурет).

1 кесте -Түп қысымының қалпына келуі мәліметтері

t, с	$P_{түп}$ МПа	$\Delta p_{түп}$ МПа	$\ln t$	t, с	$P_{түп}$ МПа	$\Delta p_{түп}$ МПа	$\ln t$
0	13,8	0	-	1000	18,51	4,71	6,907

30	14,35	0,55	3,501	2000	18,94	5,14	7,6
60	14,85	1,05	4,094	3000	19,15	5,35	8,006
100	15,43	1,63	4,605	5000	19,35	5,55	8,517
150	16	2,2	5,01	10000	19,58	5,78	9,21
250	16,91	3,11	5,521	20000	19,75	5,95	9,903
500	17,8	4	6,215	40000	20	6,2	10,597



Сурет 22  $\Delta P_{\text{түп}} - \ln t$  координатында түп қысымының қалпына келу қисығы

Ұңғының көлемдік өнімін есептейміз:

$$Q = \frac{Q_{\text{н}} \cdot 10^3}{86\,400 \cdot P_{\text{нд}}} = \frac{112 \cdot 10^3}{86\,400 \cdot 865} = 1,4986 \cdot \frac{10^{-3} \text{ м}^3}{\text{с}}$$

22 суреттен, ордината осімен қиылысқанға дейінгі  $\Delta p_{\text{заб}} = f(\ln t)$  тәуелділігінің түзу сызықты бөлігін экстраполирлеу арқылы  $A=2,9$  МПа екенін анықтаймыз.

1 және 2 нүктелерді пайдаланып бұрыштық коэффициентті анықтаймыз:

$$B = tg i = \frac{\Delta P_{\text{заб}2} - \Delta P_{\text{заб}1}}{(\ln t)_2 - (\ln t)_1} = 0,311 \text{ МПа}$$

(6) пайдаланып гидроөткізгіштік коэффициентін есептейміз

$$\frac{kh}{\mu_{\text{нп}}} = \frac{1,4986 \cdot 10^{-3} \cdot 1,18}{4 \cdot 3,14 \cdot 0,311 \cdot 10^6} = 4,527 \cdot \frac{10^{-3} \text{ м}^3}{\text{Па} \cdot \text{с}}$$

Мұнайдың қозғалғыштық коэффициентін есептейміз

$$\frac{kh}{\mu_{\text{нп}}} = \frac{k}{\mu_{\text{нп}} h} = \frac{4,527 \cdot 10^{-10}}{7,5} = 6,036 \cdot 10^{-10} \text{ м}^3 / (\text{Па} \cdot \text{с})$$

Өткізгіштікті есептейміз

$$k = \frac{kh}{\mu_{\text{нп}}} \mu_{\text{нп}} = 6,036 \cdot 10^{-11} \cdot 2,1 \cdot 10^{-3} = 0,127 \cdot 10^{-12} \text{ м}^2$$

(7) бойынша пьезоөткізгіштік коэффициентін есептейміз:

$$k = \frac{0,127 \cdot 10^{-12}}{2,1 \cdot 10^{-3} (0,27 \cdot 1,2 \cdot 10^{-9} + 1,5 \cdot 10^{-10})} = 0,1273 \frac{\text{м}^3}{\text{с}}$$

(8) формула бойынша:

$$r_{пр} = \sqrt{\frac{2,25 \cdot 0,1273}{e^{2,9 \cdot 10^6 / (0,311 \cdot 10^6)}}} = \sqrt{\frac{0,286425}{11212,2}} = 5,054 \cdot 10^{-3} \text{ м.}$$

Міне осылай, түп қысымының қалпына келу қисығын талдау нәтижесінде барлық мүмкін шамалар есептеледі.

## 16 Зерттеу кезінде қолданылатын құрал жабдықтар

Ұңғыға тереңдік аспаптарды жіберу үшін автомашинада орналасқан шығырларды пайдаланады. Шығырлар Азимаш 8А үстінде орналасады.


Тереңдік манометрлер ұңғы түбіндегі қысымды өлшеу үшін қолданылады.

Манометрлер ұңғыдағы артық қысымды өлшеу және дифференциалдық белгілі диапазондағы қысымды өлшеу үшін арналады.

Жұмыс принципіне байланысты манометрлер серіпінді (геликсті); серппе – поршеньді болып бөлінеді.

### 16.1 Зерттеу кезіндегі техника қауіпсіздігі

- Тереңдік зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс алаңы дайын болу керек.
- Тереңдік аспапты скважинаға түсіру үшін сағасында лубрикатор орнату керек.
- Тереңдік аспапты жіберетін сымды қолымен ұстауға болмайды және оған жақындауға болмайды.
- 5-6 зерттеуден кейін лубрикатор тексеріліп тұруы қажет.
- Лубрикаторды орнатқаннан кейін оны саңылаусыздыққа қысымды көтеріп отырып тексеріп алу керек.
- Сым тұтас, қыртыстары жоқ және датқа қарсы өңделген болуы керек.
- ұңғыны зерттеуге арналған лубрикаторлық қондырғы техосмотрдан өтуі тиіс.
- Тереңдік аспаптардың сезімтал элементі ұңғыға түсіру кезінде қорғауыш күйде жасақталу керек.




Сурет 23 Тереңдік геликсты манометр


- 1-термометр, 2-корпус, 3-сильфон,  
4-копилляр, 5-геликсті серіппе, 6-жалғанатын өсі,  
7-перо, 8-каретка, 9-жүргізуші винт, 10-гайка,  
11-планка, 12-тісті муфта, 13-сағат механизмі, 14-сым.



Сурет 24 Тереңдік серіппе - поршенді манометр



1-Сым, 2-серіппе тірек, 3-сағат механизмі, 4-барбан, 5-поршень, 6-өзі нығыздаушы сақина, 7-цилиндр тәріздес серіппе, 8-зәкір, 9-фильтр, 10-термометр, 11-тесік(саңылау), 12-корпус, 13-ұстағыш, 14-перо.



Сурет 25 Тереңдік зерттеуге арналған атқылау ұңғының жабығы.

1-лубликатор, 2-манометр, 3-ролик, 4-кран, 5-кабель, 6-тереңдік аспап, 7-шығыр.

### **Пайдаланган әдебиеттер**

1. Ғ.М. Нұрсұлтанов, К.Н. Абайұлданов. Мұнай және газды өндіріп өңдеу. Алматы. 1999.ж
2. В.М. Муравьев. Эксплуатация нефтяных и газовых скважин. Москва. Недра. 1987 г.
3. А.И. Акульшин, В.С. Бойко, Ю.А. Зарубин, В.М. Дорошенко. Эксплуатация нефтяных и газовых скважин. Москва. Недра .1989 г.
4. А.М. Юрчук. Расчеты в добыче нефти. Москва. Недра. 1974 г.
5. В.М.Муравьев «Эксплуатация нефтяных и газовых месторождений», Москва «Недра»-1978
6. Шуров В.И. “Техника и технология добычи нефти”, М.:Недра, 1983 год.
- 7.Оркин К.Г., Юризов А.И., «Расчеты по технологии и технике добычи нефти» Москва, Недра. 1979 г.

Пішімі 60x84  
Көлемі 42 бет 2,6 шартты баспа табағы  
Таралымы 30 дана  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакция баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 27 ш/а.